

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ ALL ЖОБАСЫ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ МИНИСТРЛІГІ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ ТАПТЫ



Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің өңірге жұмыс сапары барысында ауылдарда іске асырылып жатқан IT-жобаларды таныстырды.

Халықты, бірінші кезекте, жастарды ауылдардан үдере көшуін тоқтату үшін интернетпен қамтамасыз ету, сапалы білім беріп, денсаулығын нығайту, жұмыспен қамту мәселелеріне көңіл бөлу маңызды.

Қобда ауданының Талдысай орта мектебінде ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинге, сондай-ақ үкіметтік деле-

гация мүшелеріне өңірдің шағын жинақты мектептерінде қолға алынған «BILIM ALL» жобасы аясындағы оқу процесі көрсетілді. Қонақтар ағылшын тілінен өтіп жатқан сабаққа қатысты.

«Ақтөбе облысына осы өңірдің басшысы Ералы Тоғжановтың шақыртуымен келдік. «BILIM ALL» бірегей өңірлік жобасының жүзеге асырылу барысымен таныстық. Аталған жоба облыстың 204 шағын жинақты мектепті қамтуы тиіс, алайда интернеттің жоқтығы, нашарлығына байланысты 84 мектеп білім беру платформасына қол жеткізе алмай отыр. Біз бұл кемшілікті жоюымыз керек. Ендігі міндетіміз – облыс әкімдігіне байланыс операторла-

рын тарта отырып, көмектесу», – деді Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин.

Қобда ауданы бойынша барлығы 25 мектеп бар, оның 22-сі – шағын жинақты. Ал «BILIM ALL» жобасы аудандағы 19 шағын жинақты мектеп оқушыларын қамтыды.

Жалпы Ақтөбе облысында 14,5 мың бала шағын жинақты мектептерде оқиды. Бүгінгі күн 35 үздік ұстаз ауылдарда 10 мыңнан астам оқушыға сабақ беруде.

Жоба басталған кезде ауыл мен қала мектептері арасындағы білім деңгейінің айырмашылығы 15% пайызды құраса, өңір мұғалімдерінің екі ай ішіндегі қарқынды жұмысы нәтижесінде айырмашылық 3,5%-ға азайып,

11,5%-ға жетті.

Қазіргі уақытта Ақтөбе облысындағы 315 ауылдың 213-інде интернет қолжетімді. 19 мың адам тұратын қалған 102 ауылға интернет аса қажет. 25 елдімекенді интернетке биыл, 2023 жылы қосу жоспарланған.

Айтып өту керек, Ақтөбе облысы қараша айынан бастап республикада алғаш болып ауылдардағы шағын жинақты мектептерді қолдауға арналған «Ауыл аманаты» жобасы аясында «BILIM ALL» өңірлік жобасы бастау алды. Жобаның басты мақсаты – ауыл мен қала мектептері арасындағы алшақтап кеткен білім деңгейін теңестіру.

А.МӨЛІКҚЫЗЫ.

САЙЛАУ - 2023

БІРМАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ
ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ



р/с	Сайлау округінің нөмірі	Кандидаттың Т.А.Ө.	Туған жылы	Кандидаттың ұлты, партиялығы, жұмыс орны, лауазымы, тұрғылықты мекен жайы
1	№1	Нурбаев Сандибек Мухамбетжанович	1973	ұлты қазақ (келісімі бойынша), «AMANAT» партиясының мүшесі (келісімі бойынша), Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, «AMANAT» партиясы ұсынған
2	№1	Оралбаева Рая Сатибергеновна	1972	ұлты қазақ (келісімі бойынша), партияда жоқ, Ойыл аудандық пошта байланысы торабының басшысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, өзін-өзі ұсынған
3	№1	Қазиева Айгерім Талғатқызы	1994	ұлты қазақ (келісімі бойынша), партияда жоқ, Ойыл аудандық ауруханасының дәрігері, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, өзін-өзі ұсынған
4	№2	Займолдин Сакен Газизулы	1974	ұлты қазақ (келісімі бойынша), «AMANAT» партиясының мүшесі (келісімі бойынша), Ойыл аудандық мәслихатының төрағасы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, «AMANAT» партиясы ұсынған
5	№6	Ешпанова Назгүл Қайроллақызы	1981	ұлты қазақ (келісімі бойынша), партияда жоқ, «Ешпанова Н.Қ.» ЖК, жеке кәсіпкер Ойыл ауданы, Қаратал ауылы, өзін-өзі ұсынған
6	№8	Зулкарнаева Алмагүл Талапкалиевна	1980	ұлты қазақ (келісімі бойынша), «AMANAT» партиясының мүшесі (келісімі бойынша), Сарбие дәрігерлік амбулаториясының дәрігері, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, «AMANAT» партиясы ұсынған

Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша бірмандатты аумақтық округтік сайлау комиссиялары

АҚТӨБЕДЕ ЖЕКЕ СЕКЦИЯЛАР МЕН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ DARA BALА ЖАҢА ПЛАТФОРМАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Балаларға қосымша білім беру мемлекеттік тапсырысын орналастыру платформасы бұрын қолданыста болған Artsport және Odoaktobe біріктіру арқылы әзірленген. Бағдарламадағы өзгерістер мен қажетті түзетулер

Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасы жанындағы Адами капиталды және әлеуметтік саясатты дамыту комитеті мен ШОБ комитетінің бірлескен отырысы барысында талқыланды. Балаларға қосымша білім беру

үшін мемлекеттік тапсырыс институты 2021 жылы енгізілді. Жеке білім беру ұйымдарында шығармашылық, спорттық және білім беру салалары бойынша тапсырыстар орналастырыла бастады. Ақтөбе облысында бұл

процесс екі платформа — Artsport және Odoaktobe арқылы жүзеге асырылды.

Деректердің дұрыстығына, Artsport платформасы қызметінің ашықтығына қатысты бірқатар сын-ескертпелерден, жіберілген олқылықтардан кейін мемлекеттік тапсырысты ретке келтіру мақсатында әрбір облыс өз порталын әзірлеуге кірісті, деп түсіндірді облыстық білім басқармасының және ғылыми-практикалық орталықтың өкілдері Асхат Ізбасар мен Мақсат Бисекенов.

"Қазіргі уақытта Odoaktobe платформасы жетілдіріліп, үш бағытта жұмыс істеуге бейімделген Dara bala сайты қосылуда. Artsport порталынан жиналған ақпарат толығымен осы платформаға көшірілді. Жаңа платформаның ерекшеліктері: "1 бала — 1 үйірме" қағидаты сақталды, мемлекеттік және авторлық құқықпен қорғалған платформа, тек ЖСН-мен тіркеу мүмкіндігі, бос орындар мен кезектіліктің ашықтығы. Қазіргі уақытта мемлекеттік дерекқорлармен интеграция процесі жүргізілуде. Жаңа платформада жұмыс істеп тұрған жеткізушілердің қызметіне сараптама автоматты түрде жүргізілді", - деді Мақсат Бисекенов.

Дегенмен, қолданыстағы келісім-шарттардың ауысуы, оларды түзету және жаңа жет-

кізушілер бос орындарды күтуге тура келетіні айтылды. Жаңа жеткізушілер бос орындарды күтуі керек. Портал толығымен іске қосылады және қаржыландыру ашылғаннан кейін кезек тәртібімен өтінімдерді қабылдайды. Өтінімдерді қабылдау туралы Dara bala сайтында және әлеуметтік желілерде хабарланатын болады.

ШОБ комитетінің төрағасы Тәттігүл Талаеваның үйірмелердің қайталануы мүмкін деген қорқынышына ол жағы бақылауда деп жауап берді.

Бизнестің барлық ұсыныстарын қорытындылай келе, Қосымша білім беру қауымдастығының төрайымы Марина Деркач портал әзірлеушілеріне платформадағы операциялар бойынша бірқатар ұсыныстар айтты.

"2022 жылы белсенді білім беру ұйымдарын порталға қосуды және қаржыландыру ашылғанға дейін оларға өтінім беруге мүмкіндік беруді сұраймыз. Баланы аумақтылығы бойынша басқа оқу орталығына қалдырған кезде "ауыстыру" функциясын қосу, 4 жастан бастап балалармен жұмыс істеуге рұқсат ашу, "қайтару - кері" функциясын қосу, бір өтінімнің барлық табылдерін (топ бойынша емес) және олардың мәртебесін көруге мүмкіндік беріңіз. Сондай-ақ, орталықтар

көрінетін барлық тізімдерде және өтінімдерде, оларды бағыттар бойынша бөліңіз және НҚА да жазылмаған бағдарламаның қосымша интеграцияларын жойыңыз", - деді ол.

Соңында Адами капиталды дамыту және әлеуметтік саясат комитеті биылғы жұмыс жоспарын бекітті. Сондай-ақ, төрайымы Күлпаршин Айдарханова білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және креативті экономика, еңбек ресурстары және әлеуметтік көсіпкерлік сияқты бес кіші комитеттің құрылғаны туралы жариялады.

"Кәсіпкерлерді белсенділік танытып, өз саласының мәселелерін талқылауға шақырамыз. Қазір салалық комитеттердің құрамын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Өңірлік кеңес өкілдерінен басқа белсенді ұстанымы бар кәсіпкерлер де қосылады.

Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп сізді туындайтын проблемаларды пысықтауға шақырамыз. Біз тиісті мемлекеттік органдарға шығып, олармен айтылған мәселелерді шешу жолдарын талқылау үшін отырыстарымызға шақырамыз.

Тиімді жұмыс пен кері байланыс үшін біз салалық чаттар мен арналар құрдық", - деді кәсіпкерлерге "Атамекен" ӨКП директоры Дана Бекбауова.

2

14 ақпан 2023 жыл

Ойыл

ТЫНЫМСЫЗ ЖЫЛДАРДЫҢ ТҮЙІНІ

Бала шақта үлкендер берген батаның ең көп айтылғаны һәм ең қысқасы, бәлкім, «көп жаса», «бақытты бол» деген қайырымдар шығар. Ал ертең не күн туарын білмейтін (ол жайлы ойлауға әзірге құлқы да шамалы) балаға көп жасағаннан, бақытты болғаннан артық ештеңе болуы мүмкін емес те сияқты еді ғой. Қазір сондай бата алып жүрген балағар сол себепті қызыға қарайсың.

Міне, өмірден озғанына жыл топғалы отырған Табыл ағамызға сол баталар әу баста шынымен дарыған терізді: көп жасады, бақытты болды. 87 жасқа аяқ басқан шағында өмірден озды, бейнетінің зейнетін көрді, қаншама қызмет атқарды, қаншама кітап шығарды, қаншама марапат-сыйлыққа ие болды, Күлөш жөңгей екеуі үл өсірді, қыз өсірді, немере сүйді, ақар-шақар әулет болды.

Ағаларымыз әлбетте сонау бала кезде басынан өткендерін үзік-үзік айтып отыратыны мәлім. Табыл ағамыз да әңгіменің нобайына қарай сондай сәттердің естеліктерін айтып қалатын. Бірақ назарыңды басқа жаққа бұрмастан қалт етпей тыңдап отыруыңды талап елпейтін. Мұны бір десек, екіншіден, ол кезде ағаларымыздың кейін мұндай әңгімелерді айтуға уақыты болмайтынын (әр қалада тұратынымыз, жиі кездесе алмайтынымыз, кездескен күнде де алқалы топтың ортасында болатынымыз, дуылдасқан жұрттың көзінше бұл тақырыпты қайта қаузаудың реті келмейтінін, т.б.) ескермейді де екенбіз. Оған қоса, өзі жазушы адам, қағазға үлгілумен отыратын жүрік қаламгер өзінің өмірін өзі де жазып жүрген сияқты болып елестейтін. Сол себепті ағаларымыздың өздері айтқан әңгімеден гөрі олар туралы өзгелер айтып жүретін әңгімелерге көбірек құлақ түргіш келетініміз және рас.

Осы ғасырдың күндерінің бір күнінде бір кезде ағамыз алғашқы журналистік қадамын бастаған Ойыл ауданына барғанымыз бар. Сонда оқырмандармен жүздесуде сөз алған Қазыбек Нұрымгереев:

– Білгілерің келсе, біз мына Табыл екеуміз бірінші категориялы жетімбіз, – дей салды.

Үлкендер «рас, рас» деп құптаңқырап жіберді де, мектептің жоғары класс оқушылары, жалпы жетімдіктің не екенін кітаптардан жақсы білгендерімен, тап бірінші категориялы жетімнің қандай болатынын аса түсініксіздей, көздерін жыпылықтатып-жыпылықтатып алды.

Ал атам қазаққа айтқызсаң, «жетім қозы тас бауыр, түңпілер де отығар». Қосымша сөз иесі Қазыбек те, сөз тақырыбы Табыл да әлдеқашан отыққандар еді.

Табыл ағаның отығуы аудандық «Ойыл» газетінен басталған болатын. Ой-хой, ол кездің аудандық газеттерін қандай еді, аптасына үш рет шығатын. Ал журналистер ше? Кілең бір ығайлар мен сығайлар еді ғой. Қазақ әдебиетіне із қалдырған талай қаламгерлер қызметін аудандық газеттерден бастайтын.

Ақтөбе өңірінің мысалына жүгінсек, айталық, осы күні есімі еске түсе беретін, «Отамалы» туындысымен оқырмандарды да, жазушы қауымды да елең еткізген Тобық Жармағамбетов Байғанин аудандық газетінде қалам тербеген. Бертінде бірнеше кітаптар, соның ішінде қазақ ұлт-азаттық көтерілісінің көрнекті тұлғасы болған Есет батыр Көтібарұлы туралы роман-трилогия жазған Құрал Тоқымызын тракторшылықтан Ойыл аудандық газетіне келген. Кейін «Бозала таң мен бозторғай» деп аталатын пышақтың қырындай алғашқы жинағымен-ақ әдебиетші қауымды дүр сілкіндірген Есенбай Дүйсенбайұлы да Байғанин аудандық газетінде еңбек еткен. Ал аудақты сатирик болып қалыптасқан Үмбетбай Уайдин ағамызға газет тілшісі болу бұйырмай, Шалқар аудандық баспаханасында еңбек еткені өз жазбаларында анық айтылған. Ал мұндай фактілерді Қазақстан бойынша терсек, тіпті әжептәуір тізім жасақтарлар еді.

Алыс бір түкпірде жатып жазушылар армиясын даярлаған сол кездің аудандық газеттеріне сол себепті қандай құрмет те, қандай даңқ та әбден лайық. Тіпті, бертінде сақа абитуриент болып, құжатымызды журналистика факультетіне тапсырғанымызда болашақ деканымыз, қазақ сатирасының теориялық негізін қалаған Темірбек Қожакеев ең-

бек кітапшамыздағы «аудандық газеттің тілшісі» деген жазуды көріп, оқуға қабылданып кетуімізге аса ықыласты болғанын да бүгін де жасырудың реті жоқ. Осындайда Төкең туралы сөз қозғағанда қазіргі аудандық газеттер сол 60-70-жылдардағыдай қарымды ақын-жазушылардың ұстаханасы болу дәстүрін біржолала жоғалтып алған жоқ па екен деп күдіктенеді екенсің.

Ол кезде аудан орталығына баруымыз сирек, барған күнде де аудандық газетке бас сұғу деген ойымызда жоқ. Ал біз бас сұғуға батпайтын сол аудандық газет сол кезде қалай тіршілік кешкенін сол себепті көре алмадық. Дегенмен сол қызықты кезеңнің кей әңгімелерін естуіміз бар, бертінде жазылған дүниелерден оқығанымыз және бар. Былтыр біздің облыстық «Ақтөбе» газетінде жарияланған бір мақаласында қазір Астана қаласында тұратын қаламгер ағамыз Сырым Бақтыгерейұлы сол шақтың бір сәтін, ол кездің журналистері әлем әдебиетіне қатысты жайларды да анда-санда талқыға салып отыратынын, ал мұндай «ағартушылық» әңгімелердің (қазақи терминмен әлпітсек, негізгі іске кедергі келтіретін «қысыр әңгімелердің»), әрине, газет беттерін шапшаң толтырып тастауға кедергі келтіретін тұстарын былай бейнелеген екен:

«...Қою, бұйра шашы кең маңдайына төгілген, қыр мұрынды, дөңгелек жүзді, күлімкөз сұлу жігіт Табыл ағамыз, Табыл Құлиясов қызметіне келгенде ештеңеден тайынбайды. Өзі белгілі сықақшы, талай «кейілердің теллегін қайырған» шымшыма сөздің шебері, атағы дүрілдеп тұрған жауапты хатшы айтса бітті, әңгіме тынады, әсіресе, біз, жас журналистер, қағазға қайтадан шұқшия қаламыз. Табыл кетеді, сәл тыныштықтан соң жаңағы әңгіме қайта басталады».

Кейін өз басымыздан да өткіздік, көлемі шағын деуге келетін бұл аудандық басылымыңыздың қаузайтын тақырыптары мүлде көп еді: мал қыстату, төл алу, егіс салу, жемшөп әзірлеу, егін орағы, қой қырқымы, сүдігер жырту, ең аяғы, саулық қойлар мен қошқарлардың арасындағы тірлік – күйек мәселесі де газеттің бетінен түспейтін саяси-экономикалық тақырыптардың негізгілері еді.

Қаншалықты дәрежеде тартымсыз болып көрінетіндігі рас болса да, бертінде Ақтөбеге келген Төкеңмен жолыққанда сол кездегі аудандық газеттердегі сол тақырыптар, сол кездің оптимизмге толы тынымсыз тіршілігін елестетіп сол мақалалар санамызды бір түртіп өтетін.

Міне, Төкең, расын айтқанда, сол жылдары ешқандай жаңалық болып көрінбейтін сондай күнделікті шаруашылықтық тақырыптарды жазып-сызып жүріп-ақ оқырманға әбден танымал болды, бірақ сол күнделікті, шаруашылықтық деңгейде мәңгі қалып та қойған жоқ.

Табыл аға туралы сөз қозғағанда сонау келмеске кеткен кеңестік замандағы қуатты журналистік қару-жарақтың бірі – фельетон жанры еске түспей қалмайды. Төкең түйреген, Төкең зарлатқан, Төкең «қаңғытып жіберген» талай ірілі-ұсақты пенделер осы фельетондардың кейіпкерлері еді. Міне, қазір, сол фельетон жанрының да басына қара бұлт төніп тұр, газеттің бұл жанры қазір «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктер терізді жоғалып кетуінің аз-ақ алдында тұр. Дегенмен қазір еліміздің пысық адамдары түрлі мерейлі даталарды атап өтудің түрлі жолдарын тауып алып жатыр ғой. Енді біраз замандардан кейін аяқ астынан «Қазақ фельетонының 100 жылдығы» немесе «Алғашқы қазақ фельетонының жарық көргеніне 150 жыл» деген терізді мерекелік шаралар ұйымдастырылып, қазақ фельетонының тарихы қайта түгенделетін болса, сол шежіредегі тізімнің кеуде тұсында Табыл Құлиястың есімі жүретіндігіне ешқандай дау жоқ. Ал жемқорлар мен жебірлерді, бюрократтар мен берекесіздерді аямай әшкерелейтін фельетондарды біз, журналистер қауымы, өз қолымызбен өзіміз жойып келе жатқанымыз Төкеңді еске алу сәтінде қайтадан жадымызға оралып отыр.

Рас, арада пәленбай жылдар өткеннен кейін ағамыздың «Ойыл» газетінен бастау алған фельетондарын түгелдеп шығудың мүмкіндігі жоқ екені белгілі. Дегенмен сол фельетондардың бірқатары кейін әдебилендіріліп, кейіпкерлердің есім-жөндері мен меке-

мелерінің атауы өзгертіліп, тағы сондай-сондай ұсақ-түйек жөндеулер жүргізіліп, бұл туындылар автордың сатиралық жинақтарына сықақ әңгімелер болып жарияланғанын көпшілік біледі.

Табыл ағам сонау алпысыншы жылдары өзінің алғашқы фельетондарына кейіпкер болған жерлерінің арасында – Ойылда қала бергенде не болар еді? Ештеңе де болмас еді. Әрі кеткенде, түзелмейтін кейіпкерлерін түзетем деп шаршаумен 87 жасқа аяқ басқан шал болар еді. Бәлкім, жергілікті маңызы бар фельетондарын жазуды қояр еді. Енді, өйтпегенде ше, немересімен жасты балалармен қашанғы арпалысқады?

Дегенмен берідегіні әріден ойлайтын Төкең Ойылда қала бермеді. Қазақстанды шарлап кетті. Шап-шағын нүкте Қараойдан, одан әрі Жекендіден, Жетікөлден, Ойылдан, Темірден, Ақтөбеден асқан жол Көкшетауға, Жамбылға (қазіргі Таразға), Арқалыққа, Алматыға, Ақмолаға (қазіргі Астанаға) сүйреді. Сатиралық дүниелерін шығаруға кірісті де кетті: «Кесілген бұрым», «Жалмауыз», «Сауда сақал сипағанша», «Қоңыраулы күлкіграмм», «Ши оқ», «Қара терең», «Ақмылтық», «Жегі», «Миға қойылған бомба» терізді сатиралық жинақтары бірінен соң бірі жарық көріп жатты. Бұларға бертінде саяси қуғын-сүргін, ашаршылық жылдарының деректерімен нәрленген «Қан жоса ғасыр», «Қырғын», «Қан кешу» терізді кітаптары, қарымды жазушы, қайраткер журналист Жиенғали Тілепбергенов туралы жазылған «Аңыздың ізімен» деп аталатын романы, XVI-XVII ғасырда ғұмыр кешкен қаһарман жырау, әскербасы туралы баяндайтын «Жиембет батыр» роман-эссесі қосылды.

Осы кітаптарды бірінен соң бірі оқып жатқан жұрт әуелгіде Табыл Құлиястың қай жердің перзенті екенін білмей де дал болған болуы керек. Себебі ағамыздың шығармаларындағы жер-су, елді мекен, қала атаулары, кейіпкерлердің есім-сойлары қазақ елінің әр түкпірінен хабар беріп тұратыны бар ғой. Мұны Төкеңе арнаған өлеңінде ақын Серік Тұрғынбеков: «Жер бар ма екен біздің Төкеңді бармаған, Шетке шығып шетелді де шарлаған» деп бастап, одан әрі: «Мейлі, мейлі, жүрсе дағы ол қайда, Жер-ананың шын перзенті болмай ма? Туған жерін айту қиын тап басып, Ақтөбе ме, Ақмола ма, Торғай ма?», – деп кестеліп кетіпті.

Осы ретпен келсек, журналист, газетші деген ағайынның бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ екендігін іс жүзінде дәлелдеген дердің бірі Табыл Құлияс екенін өлеңінің осы жолдарынан-ақ байқауға болады. Оның үстіне, бұл кісі үнемі кеңсе бағып, көкемек болған қаламын сорғылап отыратындардың сортынан емес-ті. Қай шақта да қырғын шаруаның ортасында, қилы мінезді адамдардың арасында жүрді. «Осы өмірімде жиырма бес жылға үш рет сотталдым» деп мақтанатын торғайлық айтқшы ағасын, «басыңыз жас қой, әлі талай сотталарсыз» деп жұбататын осы Табыл ағамыз. Осылайша, «басқа пәле тілден» екенін бірсе де, тілін тартып көргенгендердің бірі және осы кісі.

Осы сөзімізді қаузадық, Жалпы алғанда (көпшілік үшін) сүйкімді, жекелей алғанда (кейбіреулер үшін) сүйкімсіздеу кәсіп, әлбетте, фельетоншы болу екені мәлім. Әрине, ойдан оқиға құрастырып фельетон жазу онша қиын да шаруа емес. Шөп шабу науқаны кезінде тұралап қалған техника, алты ай қыс бойы жабық тұратын клуб, құлап қала беретін көпір терізді тақырыптар көп. Бірақ фельетоншы Табыл ондайды місе тұтқан емес. Бұл кісінің қармағы ұсақ-түйектерден гөрі, қызметі ірі болған соң өзі де ірі сүйек асаятшығанда, мемлекеттің мүлкін онды-солды оңды-райды жекіратындарға, ең кемі облыста «қрышасы» бар менмен бюрократтарға, міне, осындай-осындайларға түсетін. Ал мұндай фельетонның соңы ызы-қиқы айқай, тексеру, фельетоншыны құртып-жоюдың тәсілдерін ойластыру сияқты әбігерлерге ұласады. Т.Құлияс сондай талай у-шуды бастап кешті. Тұтылып қалған кезі жоқ, ақ болды, ешкім де тіреп тұрған аспанын төбесінен тастап жібере алған жоқ, ондай аспан ешкімде жоқ та екен.

Қазір ұмытыла бастады ғой, бағзы бір замандарда үнемі май-шаңны ортасында, денсаулыққа зиянды өндіріс орнында жүретіндерге тегін сүт беру туралы қаулы

шығып, мінсіз орындалған. Журналистикадағы денсаулыққа зиянды цехтардың бірі һәм біріншісі осы фельетон еді. Бұл ретте біз кейіпкеріміздің газет-журналдардағы фельетондарын ғана айтып отырғанымыз жоқ. Осы күнгі аға буын өкілдері ертеректе кинотеатрда әлдебір фильм басталар алдында киножурналдар, соның ішінде «Фитиль» деп аталған сатиралық журнал ұсынылатынын ұмыта қойған жоқ. Дәл соның қазақша баламасы ретінде Төкеңнің авторлығымен 37 номері жарық көрген «Жебе» деп аталатын сатиралық киножурнал – Қазақ телевизиясының кейін қайталанбаған жеке-дара қазынасы.

...Сонымен, тәуелсіздік таңы атты, мәскеулік құсқауларға алаңдаудың күні өтті. Енді тарихшылар, философтар, әлеуметтанушылар секілді жазушылар да бұған дейін не жазып қойғандарына қайта үңілетін кез келді. Рас, Табыл Құлиястың аса қиналатын ештеңесі жоқ-ты. Жемқордың аты жемқор, бюрократ қашанда бюрократ, қысастық көргендердің көзі тірілерінің, кезінде сын садағына іліккендердің қай-қайсысының да «мен ол кезде ақ-адал едім, Құлиясов мені жазықсыз құртты» дей алмасы анық-ты. Кейінгі байларға да дау шығара алмас. Себебі істері әлдебір папкаларда қатталуы тұр. Бұлардың не мемлекеттік құрылымға қатысты саяси көзқарасы үшін, не ұлтқа жанашырлық қимылдары үшін қудаланған ештеңесі жоқ-ты. Кәдімгі жемқорлар. Олар енді бүгіндегі осы заманғы заңның айналып өтуге болатын тұстарына тұмсық сұқты. Бірақ сатирик Табыл ғұмыр бойы жемқорлармен тартысуға міндеттеме алмаған еді. Бұл көбейме-гірлерден басқа да шаруалар қылаң берген.

Соның бірі – өзі туып-өскен Ойылдың немесе Ойыл терізді қазақ өңірлерінің өткен-кеткен тарихи деректері. Жазушы Табыл Құлияс бұл кезде Ресейге кетіп бара жататын, Ресейден келе жататын. «Төрт-бес күнге Орскіге (Жаманқалаға) барып архивтің біраз шаңын қағып шықтым», – дейді. Орынбор архивіндегілермен арқа-жарқа дос-жолдас болып кеткенін айтатын. Одан соң Астрахан, Барнауыл... Сол сапарлардың нәтижесі – жоғарыда тізімге енгізілген «Қанжоса ғасыр», «Қырғын», «Қан кешу» кітаптары.

Төкеңнің еңбегі лайықты бағаланды да. Халықаралық «Алаш» әрдебі сыйлығының лауреаты, КР Мәдениет қайраткері, сатирик Балғабек Қыдырбекұлы атындағы журналистік сыйлықтың иегері, өзі туған Ойыл ауданының құрметті азаматы атанды.

Төкеңнің творчествосы туралы талай ағалары мен інілері кезінде баспасөз арқылы толымды жылы беліздер айтқаны мәлім: Өшбі Кекілбаев, Өнес Сараяев, сатира теоретигі Темірбек Қожакеев, ғылым докторлары Серікәли Байменше, Дихан Қамзабекұлы... Төкеңнің шығармашылықтан тыс өз болмысы туралы да ықыласты әңгімелер жеткілікті. Кезінде ағасына арнап жазған «Сынған айна» деп аталатын өлеңінде көрнекті ақынымыз Есенбай Дүйсенбайұлы: «...Болып еді ен даладай егіндік, Асханасы қос жамбасқа тегін құт. Түсіргенді қазан асып, той жасап, Мені – бала, Қыз Назымды келін ғып» деп толғағаны бар. Жаңадан үйленген кезде Ес-ағаб жөңгеміз екеуі біраз уақыт Табыл ағасының бір жарым бөлмелік үйінде бірге тұрған ғой. Ал кейінгі буын қаламгер, торғайлық Азамат Есенжол бір мақаласын: «Мені былайғы таныстар «Табылдың баласы» деп айтады. Ол кім десеңіз, сатирик-жазушы Табыл Құлияс айтсады. Қалай айтса да, осы сөздің астарында бір ақиқат бар. Шынында да, ол кісіні жаныма жақын рухани әкелерімнің бірі көремін», – деп бастайды. Өзгелерге сырғыта бермей, өз басыма да келсем, ағамыз бен Күләш жөңгеміздің мол шарапатын көргендердің қатарында өзім де бармын. 70-жылдардың басында Арқалықта облыстық «Торғай таны» газетінде қызмет еткен шағымда осы отбасының бір баласы ретінде осы үйде тұрғанымыз сол кездегі торғайлық журналистер жақсы біледі. Сол себепті үлкендерге үлгі, кішілерге өнеге болған Табыл ағам туралы айтарым бұдан әлдеқайда көп екенін де жасырмаймын.

Ертай АШЫҚБАЕВ, ақын, Халықаралық «Алаш» өдеби сыйлығының лауреаты, Ақтөбе қаласы.

КАРТОПКА КӨП КҮТІМ КЕРЕК!



Түйнектің сақиналы шірігі – кольцевая гниль. Қоздырғышы – *Corynobacterium sepedonicum*.

Аудан шаруалары картоп дақылын егуді жыл сайын тұрақты кәсіпке айналдырып отыр. Осы мақсатта көкөніс, бау – бақша дақылдары, соның ішінде картоп дақылын күтіп баптау, олардың аурулары және оларды қорғау шараларын ұйымдастырылу керек. Бұл өз кезегінде жыл сайын картоп дақылынан жоғары сапалы өнім алуға септігін тигізеді.

Ауру белгілері. Өсімдіктің дамуының барлық кезеңдерінде оның жер үсті жер асты мүшелерін – жапырақ, сабақ, жер асты өркенін және түйнектерін залалдайды. Ауру баяу дамиды. Патологиялық үдерістің басталуы дақылдың жаппай гүлдеу кезеңінде байқалады. Аурудың алғашқы солу белгілері төменгі жапырақтарда немесе өсімдікті бойлай не болмаса сабақтың бір жағында ғана байқалады. Жапырақтың жиектері ішкі және жоғары қарай ширатылады да, жапырақ тақтасы түсін жоғалтады. Олар күңгірттеніп хлорофиліненмайырылады, жапырақ бетінде ақшыл-жасыл және сұр-жасыл түсті сирек теңбілді дақыл пайда болады.

Р.Саменов, Ойыл аудандық филиалының фитопатологы.

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ – АУАНЫҢ ГАЗБЕН ҰЛАНЫУЫ



Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, өткен 2022 жылдың қаңтар айында ауданымызда улы газбен (угарный газ) 1 жағдай тіркелді. Амангелді ауылының тұрғыны баласымен бірге уланып, аудандық ауруханаға жатқызылды. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі жылыту пеші жүйесінде жарықтардың болуынан орын алып отыр.

Қазіргі таңда ауданымызда 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Атап айтсақ халықтың осал топтағы тізімі құрылып, 111 тұрғын үй есепке алынды. Аталған тұрғын үйлерге профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында көптеген өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары анықталуда. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құбыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 x 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселмеген, тоқ желілері жанғыш материалдың үстімен жүргізілген және т.б.

Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңізді табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ көзіне қосып, қалыпты жұмыс жағдайына келтірулеріңізді сұраймыз.

Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін

жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет. Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек.

Алдағы уақытта біле отырған жөн деп санаймын: Тұншықтырғыш газ немесе көміртек тотығы–түссіз, иісі жоқ газ, ауадан жеңіл. Тұншықтырғыш газ өр жолы ағаш, көмір отынды жаққан кезде қалыптасады.

Тұншықтырғыш газымен улану себептері:

Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы).

Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылғысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі).

Адамның өрт ошағында болуы. Ауа алмасу автокөлікке немесе бөлмеде нашарғажеке техникалық қызмет көрсету.

Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау.

Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тұма-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүріңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН-АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дінді өздерінің саяси мақсаттарына қолданатын экстремистік және террористік ұйымдар мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне және қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа ерекше қауіп төндіреді. Дін мен оның құндылықтарын бетперде еткен жалған уағызшылар жаһандық деңгейде алауыздық пен өшпенділік туғызып, төзімсіздік пен қысым орнатуда.

Діни экстремизмнің басты сипаты – адамдарға ұстанатын сенімі бойынша өшпенділік пен озбырлықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе күш қолдана отырып шақырумен байланысты қысым көрсету, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, сеніміне немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану.

Діни экстремизм – діндегі шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге берілгендік. Экстремизмнің қорқыту, үркіту, агрессиямен және шектен шыққан қаталдықпен сипатталатын белгілері көп.

Оның кең мағынасындағы ұғымы – мемлекеттік құрылысты күштеп өзгерту немесе билікті басып алу, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған діни мотивацияланған әрекет және осы мақсатта діни алауыздық пен өшпенділікті қоздыру.

Латын тілінен аударғанда «қорқыныш, үрей» деген мағынаны білдіретін «терроризм» – экстремизмнің асқынған көрінісі. Террорист зорлықтың аса қатыгез, үрейлі түрлері мен әдістерін пайдаланып, саяси мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Террористік актілердің салдарынан адамдар жаппай қырылып, бұқара халықтың басым бөлігі психологиялық қысым көреді, материалдық және рухани құндылықтар қирап, зардаптары кейде қалпына келмейтін деңгейге жетеді.

Мемлекеттер арасында түсініспеушілік туындап, соның салдарынан соғыс оты тұтанады, әлеуметтік және ұлттық топтар арасында сенімсіздік пен өшпенділік пайда болады. Түрлі қылмыстық топтар мемлекеттік билікке ықпал ету не күйрету үшін террорлық актілерді жүзеге асырады. Терроризм – қазіргі жаһандану қатерлерінің бірі, ауқымдылығы мен жиілігі, адамзатқа қауіп мен қаталдығы тұрғысынан ол әлемдік қауымдастық алдындағы түйткілді мәселеге айналды. Діни экстремизм мен терроризмнің әлеуметтік зияны мен қауіпі:

- қоғам мен мемлекетке аса ауыр психологиялық және материалдық шығын әкелуі, адам өмірін қиюы;
- азаматтық өшпенділікті немесе алауыздықты тұтатуы, мемлекеттің конституциялық құрылымын өзгертуді және оның аумақтық тұтастығын бұзуды мақсат ететін бірқатар заңсыз қарулы құрылымдардың қызмет етуі. Діни экстремизмнің қылмыстық көріністерінің салдары бірден байқалмай, ұзақ мерзімдік зардаптар әкелуі де мүмкін. Діни экстремизм мен терроризмнің таралуының өсіп келе жатқан сын-қатерлері халықаралық қоғамдастықтың алаңдаушылығын тудырады. Діни экстремизм кең таралған әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қоғам өмірінің әр саласына өзінің кері әсерін тигізуімен ерекшеленеді. Радикалды идеялардың дамуының жаңа кезеңінің бастауы экстремистік топтардың

үгіт-насихат жұмыстарының киберкеңістікке ауысу үдерісі болып табылады.

Экстремистік ұйымдардың негізгі мақсатты аудиториясы – әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа факторлардың әсерінен берік идеологиялық көзқарасы қалыптаспаған жастар санаты (18-35 жас аралығы). Жастардың интернет арқылы радикалдануы жаһандық үдеріс, оның аясында әлеуметтік желілер зорлық-зомбылықты насихаттаудың, радикалды идеялардың таралуының стратегиялық құралы ретінде қолданылады.

Әлеуметтік желілер мен SMM жарнамалық құралдарын пайдалану арқылы халықаралық террористік ұйымдардың көшбасшылары өз аудиториясының негізгі қажеттіліктерін анықтап, соған сәйкес материалдар дайындайды (жоғары сапалы аудио-о-бейне контент, мемдер, комикстер, суреттер, өлеңдер және т.б.).

Бұл сын-қатерлер мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамдастық тарапынан жүйелі шешімдердің қабылданыуын талап етеді. Жаңа технологиялардың даму ғасыры жастар арасында онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын алудың тиімді тетігін құру қажеттілігін айқындады.

Қазақстан Республикасы ұжымдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық бастамалардың белсенді қатысушысы ретінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда мемлекет ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың кең спектрін өткізуде.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын алу бойынша қарсы насихат және ақпараттық-түсіндіру әдістері қолданылады. Қарсы насихат жұмысы әлеуметтік желілерде жергілікті Дін істері басқармалары мен «Дін мәселелерін зерттеу орталықтары» тарапынан жүргізіледі.

Танымал әлеуметтік желілерге дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша аудио-бейнематериалдар, сұрақ-жауап, діни мамандар мен сарапшылардың дәрістері, пікірлері орналастырылады.

Сонымен қатар, экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттайтын материалдарды анықтау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына, интернет-ресурстарға, оның ішінде әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жұмыстары жүргізіледі.

Діни экстремизм мен терроризм қауіпі туралы хабардар болу, дін саласындағы мәселелерді неғұрлым терең түсіну, экстремистік нарративтерге қарсы тұру, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу тәсілдерін енгізу кезінде ескеріледі.

Жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу мәселесі ең алдымен әр отбасының, қоғамның және мемлекеттің жауапкершілігі шеңберінде қарастырылады. Азаматтық қауымдастықтың мемлекеттік органдармен бұл бағытта бірлесе жұмыс атқаруы маңызды жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

А. ЖОЛДАСҚЫЗЫ,
«Қоғамдағы дін қатынастарын зерттеу» бөлімінің маманы,
Р.НАРБЕК,
Kazislam.kz порталы.

ЖРВИ ЖӘНЕ ТҰМАУ



ЖРВИ және тұмау – әлемдегі ең өзекті медициналық, әлеуметтік және экономикалық мәселелердің бірі.

Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) – әлемдегі тұмауды біріктіретін аурулардың кең тараған тобы тұмау, парагрипп, респираторлық синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының талауралмалы қабынбалары. Даму үдірісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқинуы мүмкін. ЖРВИ – бұл төрт ортақ белгілерді біріктіретін аурулар тобы.

1. Олардың барлығы жұқпалы. Олардың вирусын тудырады.
2. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-атамшы жолдарымен тыныс алу ағзалары арқылы келеді.
3. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді. Ауруды тегіннен респираторлық, яғни «тыныс алуға қатысты» деп атаған жоқ.
4. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

ЖРВИ кезінде не болады?

Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар ұйттар бөліп шығарады, сосын олар қан арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Иммунитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын – 3- 4 және одан да көп ауыруы мүмкін.

ЖРВИ әдетте жіті, күтпеген жерден басталады. Жұқтыру мен

ауру арасында орташа алғанда шамамен 2 күн өтеді. Ауырар алдында адамды мыналар мазалауы мүмкін:

- шаршау сезімі, әлсіздік, ашуланшақтық. Бұдан әрі бұл белгілер көбейеді, бас ауырады, қатты әлсіздік, бұлшық еттер сырқырайды, дене қызуы жоғарылауы мүмкін, терлегіш болады. Тұмау, тамақтың ауыруы, жөтел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануы мен конъюнктивит – көздің зақымдану белгілері болуы мүмкін.

ЖРВИ немен қауіпті?

Қатты ауырғандар және қатты асқинулар бойынша емдеуге жатқызуға мқтаж.

Диагностика және емдеу.

ЖРВИ диагнозын терапевт қараған және науқасан сұраған кезде қояды. Сонымен бірге дәрігер несеп пен қан талдауын тағайындауы мүмкін. ЖРВИ емдеу әдетте дәрігердің бақылауы мен үй жағдайында жүргізіледі. Пациентті ауруханаға тек аса ауыр жағдайда немесе шиеленген жағдайда жібереді. Науқас міндетті түрде төсек тартып жатуды қадағалау және барынша сұйық зат ішуі керек, жылы шай мен морс ішкені жаксы. Дене қызуы жоғары болғанда қызу басатын дәрі-дәрмектерді, қажеттілігіне қарай тұмауға қарсы дәрілерді немесе жөтелге қарсы препараттарды қолдану керек.

ЖРВИ кезінде тыныс алу гимнастикасы мен дәурмендер терапиясы жаксы әсер етеді. ЖРВИ кезінде антибиотиктер тиімді емес, сондықтан олар бактериялық инфекция немесе асқину кезінде тек дәрігердің тағайындауымен қабылданады.

«БЖЗҚ» АҚ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ «ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ ҰЛҒАЮДА

«БЖЗҚ» АҚ өз қызметтерінің қолжетімділігін үнемі жетілдіріп келеді. «Қазпошта» АҚ-мен ынтымақтастық – Қор салымшыларымен қарым-қатынас жасау тәсілдерінің бірі.

2022 жылы Қор қызметтерін көрсету барысында «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің санына пошта операторының тағы 27 бөлімшесі қосылып, 376-ға дейін ұлғайтылды. Бұл шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына, қажет болған жағдайда,өздерінің жеке деректеріне өзгерістер енгізуге, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алудың неғұрлым танымал әрі ыңғайлы тәсілін нақтылап, таңдауға мүмкіндік береді.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ бірлескен жобасыныңар қасында 2019-2022 жылдар аралығында салымшыларға (алушыларға) 35 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде 11 мыңнан астам салымшы электрондық хабарлау тәсілін таңдады. 23 мыңнан астам адам жеке деректемелерін өзектендірді. БЖЗҚ қызметтеріне ең көп сұраныс Қызылорда, Маңғыстау, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалды.

Естеріңізге сала кетейік, "Қазпошта" АҚ бөлімшелерінде Қордың салымшылары (алушылары) келесі қызметтерді алады:

- салымшының (алушының) қосымша деректемелерін (жеке куәлігінің деректемелерін, телефон нөмірін, электрондық және пошталық мекенжайларын) өзгерту (толықтыру)туралы өтініш беру;
- хабарлау тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімге қол қою («электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушының логині мен паролін пайдалана отырып, жеке кабинет арқылы» және «электрондық пошта арқылы» тәсілдеріне өзгерту).

Қосымша деректемелер мен ақпараттандыру тәсілін өзгерту бойынша БЖЗҚ қызметтерін алуға болатын «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің тізімін enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» бөлімінен таба аласыз.

Сонымен қатар, БЖЗҚ қызметтерінің басым бөлігін үйден шықпай-ақ, онлайн режимінде enpf.kz корпоративтік сайтындағы Жеке кабинет немесе БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасындаалуға болатынын хабарлаймыз.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛАРЫН 2023 ЖЫЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

Аудан көлеміндегі трактор өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиоративтік және жол құрлыс машиналарымен трактор тіркемелерінің, астық жинайтын комбайндарды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу екі кезеңде, «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-портал (бұдан әрі – порталы) арқылы жүргізіледі.

1-кезең. Тракторлар, мелиорациялық, жол құрылыс машиналарын жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

2-кезең. Өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары мен комбайндардың түрлерін, трактор тіркемелерін жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

№ р/с	Ауылдық округтер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атауы	1-кезең Өтетін күні	2-кезең Өтетін күні
1	Ш.Берсиев атындағы а/о	14 - 16.04	08 - 09.06
2	Көптоғай а/о	19 - 21.04	10 - 11.06
3	Қараой а/о	22 - 23.04	15 - 16.06
4	Сарбие а/о	27 - 29.04	17 - 18.06
5	Ойыл а/о	04 - 06.05	22 - 23.06
6	Саралжын а/о	11 - 13.05	24 - 25.06
7	Қайыңды а/о	14 - 15.05	29 - 30.06
8	Аграрлық колледж	18.05	
9	Ойыл орман шаруашылығы	19.05	
10	Ойыл электр жүйесі бөлімшесі	20.05	
11	«Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	21.05	

Ескерту: Ауылшаруашылығы машиналарына, тракторларға, астық жинайтын комбайндар мен трактор тіркемелеріне мемлекеттік техникалық байқау тұрған елді мекендерде өткізіледі.

Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі

ЭМІРХАН СУҚАШЕВ

2023 жылдың 6 ақпан күні Ойыл аудандық ауруханасында ұзақ жылдар бойына қызмет атқарған, ардагер дәрігер Әмірхан Айсұлпы Суқашев дүниеден өтті.

Әмірхан Суқашев 20 қараша 1958 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында дүниеге келген. 1966-1976 жылы Ойыл аудандық Н.К.Крупская атындағы орта мектепте «Алтын белгімен» бітірген. 1976-1985 жылдар аралығында Ақтөбе медициналық академиясында «емдеу ісі» жөнінде мамандығын алған. 1985-1986 жылдар аралығында интернатурадан өткен. 1986 жылдан бастап Ойыл аудандық орталық ауруханасына қарасты туберкулез ауруханасында дәрігер фтизиатр қызметіне қабылданған. 1996 жылдың қараша айында бас дәрігердің орынбасары қызметін атқарған. Ойыл аудандық орталық ауруханасына дәрігер-фтизиатр қызметінде жүріп, 2013 жылдың желтоқсан айында денсаулығына орай атқарып жүрген қызметінен босатылды. Денсаулық саласына қосқан үлесі мен еңбегі үшін бірнеше рет алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен марапатталған. Бүгінгі күні әріптестері қимастықпен еске алып, ағайын-туыстарына, бауырларына, отбасына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы

МҰХИТ КЕРЕЙҰЛЫ



Сарбие ауылының еңбек ардагері Мұхит Керейұлы 77 жасында дүниеден озды. Бар саналы ғұмырын халқына, шәкірттеріне арнаған Мұхит Керейұлы 1946 жылы 1 мамырда Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келді. Жоғары білімді, Ақтөбе педагогикалық институтын бітірген. Ең алғаш еңбек жолын 1964 жылы Қобда ауданында мұғалім болып бастаған. 1972 жылы қазіргі Ж.Жүсіблиев атындағы қазақ орта мектебінде математика мұғалімі болды. 1977-1982 жылдары, 1998-2003 жылдары Сапақкөл орта мектебінде мектеп директоры болып қызмет атқарды. Керей Мұхитұлы дайындаған шәкірттер, қазіргі таңда биік-биік жұмыстар атқарып жүр. Сол жылдары жеке дайындаған шәкірті Ж.Баймұханов Республикалық математикалық олимпиададан II орын алып, кейін Москвадан жоғарғы Техникалық Университетке түсті. Облыстық ғылыми-практикалық конференцияға математика пәні бойынша баяндама және үлгілі сабақ беріп, облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

2008 жылы Қазақстан Республикасының Білім Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері атағы 2018 жылы берілді. Осы Сапақкөл орта мектебінен 2009 жылы еңбек демалысына шыққан ұстаз Қарқара апай екеуі 2 ұл, 2 қыз, 6 немере тәрбиелеген үлгілі отбасы.

Еліміздегі қиын-қыстау уақытта халықтың тұрмыс-тіршілігіне тікелей араласып, халықтың мұң-мұқтажын жауапты тұлғалардың алдына қоя білді. Ауылдағы игі істерге ұйтқы болды, ауыл тұрғындарына ақыл-кеңесін беріп, көптеген іргелі істерге тікелей басшылық жасады.

Керей Мұхитұлының дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ұл-қыздарына, тума-туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз.

Қош бол, ауылдың аяулы ақсақалы! Топырағың торқа болсын!
Дәурен Бисебаев, Аманжол Иманғазин, Елеусіз Тұрғанғазин, Жұмабай Жақып, Әділ Рақым.

Ойыл аудандық ауруханасы және кәсіподақ ұйымы Қарасу медициналық пунктін мейірбанесі Бекбосынова Қарылғаға ардақты ұлы

Алматың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, ағайын-туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет , тілдерді дамыту және спорт бөлімі АХАЖ секторының меңгерушісі Индира Әмірханқызы Сукашеваға

өкесі Әмірханнң

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы және деңгейі 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 214 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

ӨТКЕН СЕНБІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ АРДАҚТЫ ҰСТАЗ, ҚР БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ НҰРСҰЛТАН САФИНДІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ЕРЛЕР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.



Тартысты бәсекеге бақ сынауға ниет білдірген «АЗФ»командасы, «Арғымақ», «Ұлан», «Байғанин», «Ойыл», «Кемер», «Кемер жастары» құрамалары болды. Ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жарысқа қатысушыларға сәттілік тілесе,келесі кезекте Нұрсұлтан Ақдәулетұлының бауыры Нұрлан Сафин сөз алып,өзінің ізгі лебізін білдірді. Турнир нәтижесінде ІІІ, ІІ орынды Ақтөбе қаласынан келген «Ұлан», «Арғымақ» командалары місе тұтса, І орынға «Кемер» командасы ие болды. Жарыстың жабылу салтанатында жеңімпаздармен қатар әдемі ойын өрнегін көрсете білген ойыншылар да марапатқа ие болды. «Үздік шабуылшы» Асылан Ізбергенұлы, «Үздік байланыстырушы» Болат Байбек, «Үздік қорғаушы» Мұхамбетқасым Рахметоллаұлы атанып, арнаулы сыйлықтар табысталды. Нұрсұлтан Ақдәулетұлы – 1951 жылы 20 желтоқсанда Саралжын ауылында дүниеге келген. Орта білімді туған ауылында алған. Кейін Ақтөбе педагогикалық ин-

ститутының физика факультетін тәмамдаған. 1973 жылдан бастап кіндік қаны тамған өңірде ұлағатты ұстаздық қызметке кіріседі. Дәл осы сәттен бастап Нұрсұлтан Ақдәулетұлы саналы ғұмырының 40 жылын шәкірт тәрбиелеуге арнады. Талапшылығы мен табандылығын тек мектеп қабырғасында емес, қоғамда да көрсете білген кезі аз емес. Оған дәлел «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты бастамаға ауыл жастарын бір жұдырықтай жұмылдырды. Бейнеттің зейнеті ретінде мектеп жеңіл көлікке ие болды. Нұрсұлтан Ақдәулетұлы әр жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, облыстық, аудандық мадақтамаларымен марапатталды. **Р.С. ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАДАҚТАМА ҚАЗАЗДАРЫ, МЕДАЛЬДАРМЕН ЖӘНЕ АУЫЛ КӨСІП-КЕРЛЕРІНІҢ, НҰРСҰЛТАН САФИННІҢ БАЛАЛАРЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ҚАРЖЫЛАЙ, ЕСТЕЛІК СЫЙЛЫҚТАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.**

АҚЫЫҚ АҚЫНДЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ДА ЖЫРЛА ЖОСПЫ

9 ақпан - Қазақ поэзиясының жарқын өкілі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Небәрі 45 жыл ғана ғұмыр кешіп, поэзия әлемінің мәңгілік музартынан орын алған, халықтың, неше буын адамзат өкілінің сүйікті ақынына айналған Мұқағали тірі болғанда биыл 92 жасқа толар еді. Қазақта болашағын көреген болжай білген ақындар аз болмаған. Солардың бірі Мұқағали екеніне ешкімнің қарсылығы жоқ болар. «Міндетті емес ақындар көп жасауға» деп жырлап кеткен Мұқағалидің 45 жас қана жасауы осының бір дәлелі. Осы орайда Ж.Жүсіпалиев атындағы қазақ орта мектебінде ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 92 жасқа толуын орай «Есіңе мені алғайсың!» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кеш «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы негізінде біріккен көрініспен басталды. Ақиық ақынның туған күніне орай өткен шарада ардагер ұстаздар

Сақыш Жақанова, Майраш Ибрашева, Зоя Сұлтанова, Зәуреш Молдашевтың туған күні. Небәрі 45 жыл ғана ғұмыр кешіп, поэзия әлемінің мәңгілік музартынан орын алған, халықтың, неше буын адамзат өкілінің сүйікті ақынына айналған Мұқағали тірі болғанда биыл 92 жасқа толар еді. Қазақта болашағын көреген болжай білген ақындар аз болмаған. Солардың бірі Мұқағали екеніне ешкімнің қарсылығы жоқ болар. «Міндетті емес ақындар көп жасауға» деп жырлап кеткен Мұқағалидің 45 жас қана жасауы осының бір дәлелі. Осы орайда Ж.Жүсіпалиев атындағы қазақ орта мектебінде ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 92 жасқа толуын орай «Есіңе мені алғайсың!» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кеш «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы негізінде біріккен көрініспен басталды. Ақиық ақынның туған күніне орай өткен шарада ардагер ұстаздар

Г.БАЙҚЫЗЫ



АҚТӨБЕЛІКТЕР ТҮРКИЯҒА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖІБЕРДІ

Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановтың тапсырмасына сәйкес, жойқын зілзаладан зардап шеккен Түркия Республикасына өңірден 11 тоннаға жуық алғашқы гуманитарлық көмек жіберілді. Жүктің жалпы құны 30 миллион теңгені құрайды. Әлия Молдағұлова атындағы Ақтөбе Халықаралық әуежайынан тиелген жүк Түркияның «MNG» әуе компаниясының ұшағымен Стамбұлға жөнелтілді. Гуманитарлық жүкте аса қажетті жылы киім-кешектер, азық-түлік, балаларға арналған тағамдар, төсек-орын жабдықтары, тұрмыстық және жеке гигиеналық заттар бар. Қайырымдылық шарасына Ақтөбе облысының тұрғындары мен волонтерлері, «Анвар», «Дина», «Рамазан», «Глобал Спецдежда», «A-Textile», «Life4JOB» сияқты ірі кәсіпкерлік субъектілері үлес қосты. Барлық тауарларды жинау, қаптау жұмыстары қалалық Достық үйінде ұйымдастырылды. Алдағы аптада Түркияға Түркістан, Маңғыстау облыстары мен Шымкент қаласынан гуманитарлық көмек көрсетіледі. Жүк Ақтөбе қаласының Әлия Молдағұлова атындағы халықаралық әуежайы арқылы жөнелтіледі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Ақтөбе өңірінің тұрғындары түрік бауырлармен бірге. Облыс әкімдігі Түркия Республикасының Үкіметі мен халқына көңіл айта отырып, қолдау көрсетуді жалғастырады. **Ақтөбе облысы өкімінің баспасөз қызметі**

ОБЛЫСТАН ЕКІ ЖҮЛДЕГЕР

Өткен аптада Ақтөбе қаласында бокстан жасөспірімдер арасында облыс чемпионаты өтті. Ауданның намысын қорғау үшін Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен барған 4 боксшының екеуі жүлдемен оралды. 58 кг салмақта шаршы алаңға шыққан Саян Амангелдиев алғашқы екі кездесуін ұтып, жартылай финалға шыққанымен, жарыс жолын сол жерден аяқтауға мәжбүр болды. Нәтижесінде қола медальға өөл жеткізді. Ал, 64 кг салмақта қолғап түйістірген Исабек Манафбеков те үш кездесу өткізіп, тек финалда ғана спорт шеберлігіне кандидат, былтырғы облыс чемпионына жол берді. Сейітжан Ермағамбетов баптайтын балғын былғар қолғап шеберлері соңғы кездері кенже қалған бекзат өнердің көрігін қыздырып жүр.

"НЕСІБЕЛІ" ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІГІ



Аудан тұрғындарына деротизация, дезинфекция, дезинсекция қызметтерін ұсынады! Егер үйіңізді (үй-жай, ғимаратты) тарақан жайлап кетсе немесе қаптесер (үй тышқаны) тыным бермесе біздің қызметімізге жүгінуіңізге болады. Мал қора, ауаларды қансорғыш жәндіктерден арылтуда біздің міндетіміз! Мекеме, кәсіпорындардың басшылары мен шаруашылық иелері бізбен келісім-шартқа отыруларына болады. Ыстық және салқын бу арқылы жүргізілетін жұмыстардың нәтижесіне келіпдік береміз! Өйткені, бұл жұмыстар малдардың арасында кездесетін өртүрлі жұқпалы, созылмалы аурулардың алдын-алуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, тұрғындардың, шаруашылықтардың ірі қара малдарын асыл тұқымды малдардың ұрықтарын қолдан ұрықтандыру жұмыстарын жүргіземіз! **Байланыс телефоны: 8-777-408-93-69**

БОТАКӨЗ ШЫҚҚАН ШЫҢ СЫРҒЫ



Дана атам қазақ: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны іледі», - деп тәсірлепті. Тектіден текті ұрпақтың өсетіні, құндылықтардың қаңмен берілетіні дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат. Қуатовтар - Ойыл өңіріне белгілі өскен, өнген, өнегелі әулет. Ғабдол Қуатов Ұлы Отан соғысынан оралған соң, мұғалім, оқу бөлімінің инспекторы бола жүріп, 1962 жылы Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген алғашқы жоғары білікті маман. Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы, партия комитетінің хатшысы қызметтерін абыроймен атқарған, ел сыйлаған азамат.

Осындай отбасында дүниеге келген асылдың сынығы Ботакөз де кішкентайынан сүйкімді де, ерекше болып өсті. Мектеп жасынан алғыр да, арманшыл жас құрметті мамандық мұғалімдікті таңдады. Алдына биік мақсаттар қойып, соған жету үшін тыңғылықты дайындалып, тынымсыз ізденді. Ата-анадан дарыған өнеге Ботакөзді өрге өрмелетті, жоғары білім алды. Ботакөз тоқырау жылдарында Ш.Берсеев атындағы мектепке директор болып тағайындалды. Сол бір жылдары ұжымда шығармашылық еркіндік, тың бастамалар кең өрістеді. Қанша жастың тынысы ашылып, еңбекке деген ынтыасы артып, көңіл көкжиегі кеңіп, белестерге

көтерілгені - мен көрген ақиқат. Сол жастардың қазір сәулесі жанып, биіктерден көрінуі мақтанаш сезімге бөлейді. Неміс философы Карл Яскерс «Адамзат тарихында ерекше бір мерзімдер болады, болашақ өркениеттің тағдыры соған байланысты өрбиді», - дейді. Оны өзекті жылдар деп атайды. Ботакөздің келуі -жас мұғалімдерге мотивация беріп қана қоймай, жан-жақты ашылып, тың идеяларға жол ашты.

Ботакөз бастық болған жоқ, басының қандай болатынын көрсетті. Үстелінің үстінде Шөкәрім Құдайбердіұлының «Адамдық - борышын» өлеңі жататын.

Адамдық - борышын, халқыңа еңбек қыл, Ақ жолдан айнайма, ар сақта оны біл... Жоба тап, жол көрсет, келешек қамы үшін... Фибрат алар артында

із қалдырсаң, Шын бақыт, осыны ұқ, мәңгілік өлмейсің! - деген жолдар Ботакөздің өмірлік кредосы болды. Ботакөз адалдық пен әділдік, ізгілік пен жанашырлықтың үлгісі бола білді. Мектеп директоры бола жүріп, елмен жақсы араласты. Ауылдағы әр отбасының жағдайын ойлап, жоқ-жітіктер мен осал отбасыларына көп көмектесті, кезінде орта білім ала алмай қалғандарды оқытты, мәдени-ағарту саласына жаңа серпін берді. ЖОқтан бар жасап, ұжымды ұйымдастырып, нарықтан шығу жолында тынбай еңбектенді, мектептің отымен кіріп, күлімен шығатын, өзін-өзі аямайтын. Еңбегі ақталып, елге беделді, ұжымға сыйлы болды. Тарыққанға сүйеу, жабыққанға көңіл шуағын шашып, иба мен имандылықтың мықты үлгісін көрсетті. Ақкөңіл, өзіне үйіріп әкететін жылы жүзі, бауырмалдығы мен адалдығы, жанашырлығы, ішкі жан дүниесінің пәктігі, ұлы Гетенің: «Мінез-құлық өркім өзінің кейпін көрсететін айна», - деген сөзді – еске салады. Ботакөз қазір мерейлі 70-ке то-

лып отыр. Әлі де ширақ, белсенді. Баспасөз, жиын-тойларды, ақпарат кеңістігінде өз ойын ашық айтып, көпшілікті бірлікке, білім-тәрбиеге үндеуден еш жалыққан емес.

Ботакөз - туған жердің нағыз жанашыры, патриот. Ойылдың жерін, халқын жанындай көреді. Ойыл десе, ішкен асын жерге қояды. Ойылдағы әр жаңалық - жанына қуат береді. Өмірге байсалды көзқараспен қарайтын Ботакөз бақытты адам. Ағайын-туыс, жора-жолдастың шын жанашыры. Бақыттың мәні-парасаттылықта, өркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында», - дейді әл-Фараби. Ақиқат пен бақыт бір бірімен тығыз байланыста. Адамның негізгі құндылықтарының бірі - оның отбасы, туыстары мен араласатын ортасы.

Қандайма басшылық жұмыста бола жүріп, өркөкіректік пен тәкәппарлықтан ада Ботакөз кешірімшіл бола алды. Ешкімге кек сақтамады, өзін таспен атқан дарды аспен атты. Отағасы Отай мен отанасы Ботакөз - Ақтөбе қаласында жарасымды жұп, сыйластығы үлгі, қонақжай отбасы. Қашан барсаң да, екеуі ауласындағы бақшасын баптап жүргені, жеміс-жидек өсіріп, ауласын неше түрлі гүлге орап қойғанын көріп, еңбектеріне қызыға қараймын. Үй ішінде де түрлі гүлдер жайнап, жылы шырай танытып, ыстық ықыласты сездіреді. Жетпіске келсе де тың, жайнап жүретін ашық-жарқын Ботакөздің жас көрінуі - адамдарға жасаған жақсылықтары мен шәкірт тәрбиелеудегі, өмірдегі адалдығы, жақсы сөздер сөйлеп, жақсылық жасауында, пейіл-ниетінде. Ботакөз Ғабдолқызын мерейлі 70 жасымен құттықтап, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілеймін.

Саламат Қомытұлы Шаңғала, зейнеткер,ұстаз. Қаратал ауылы.

АҚПАҢ АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?



«Туған ай – туралған етпен тең» - дегендей, қытымыр қыстың екінші айы – ақпанның да жартысын «жеп» қойдық. Қыстың да көбі кетіп азы қалды. Дегенмен, бұл айды біз қалай түсінеміз? Ата-бабаларымыз ақпан жайында қандай ұғымдарды бізге қалдырды? Бүгінгі ұрпақ оларды жадында сақтап жүр ме? Көңілімізді күпті өткен осындай сауалдар бар. Расын айтайық, біз өткенді жатқа соғып айта алмаймыз. Күмілжіп қаламыз. Өйткені, білетініміз шағмалы. Қуаныштысы, барлығын жоғалтып алған жоқпыз. Ғасырлар бойы қазақпен бірге жаса-сып келген сол ұғымдарды қайта жаңғыртуға әбден болады. Табиғаттың терең тылсымын тап басып білген ата-бабаның сол кездің өзінде айтқан сөздеріне таңғалыс білдіреміз. Сондай ұғымдар ақпан айына қатысты да айтылған.

Қазақы тіршілік көбінесе төрт түлікке қатысты екені белгілі. Қысы-жазы бейнеттен бел жазған жоқ. Табиғаттың қыр-сырына қатысты. Рас, арқыраған аязы бет қарыған ақпан төрт түліктің бабын жасаған ағайынға қолайлы бола қойған жоқ. Десе де әрбір күннен үлкен үміт күтіп үйренген кәзекем ақпан айы жайында көптеген тың деректерді қалдырды. Ежелгі түркілер оны «кішік ай»

деген көрінеді. Түбі бір түркі балуырымыз – хакастарда «кішік қырлас ай» деген ұғым әлі де бар. Ақпанда күннің қабағы қатулы болады. Соған қарай отырып оны ақ басқын және ақ ықпа деп бөліп, оны екі ағайынды деген әңгіме бүгінде де айтылып отырады. Ақпан негізінен тұрақсыз келеді. Бет қарыған аяз болмайды. Сынады. Ара-тұра аспан түнеріп, жапалақтап қар жауатыны тағы бар. Ертеде халқымызда «Ақпан – қайталаманың ақ бораны» деген әңгіме айтылып жататынды. Алдамшы әрекеті де кездеседі. Бірде бүйіріңді қыздырса, екіншісін мұздатып жататыны тағы бар. Айтпақшы, ақпанда қыс пен көктем белдеседі деген ұғым бар. Қыстың қақ ортасындағы қаңтарда бұрқасын мен боран тәулік бойына соғатыны белгілі. Ақпанда көбінесе түнде және таң алдында осындай жағдай қайталанайды. Оны осы айдың бір ерекшелігі деп санауға негіз бар.

Ақпан – қыс мезгілінің соңғы айы. Одан кейін жер-дүниені жасандып, көктем келетіні белгілі. Сондықтан ақпанда суық пен жылы ауа-райы арпалысқа түседі деген ұғым бар. Сондықтан шығар, көбінесе боран тек таң алдында ғана соғып жатады. Аяз айылын жияды. Елдің арасында «Ақпанда күн ат адым ұзарады» деген әңгіме

айтылады. Айта кетерлігі, айлардың арасында ол өте қысқа. Төрт жылда бір мәрте 29 күнмен аяқталса, қалған уақытта 28 күнмен бітеді. Енді бір үлкендердің деректеріне сүйенсек, ақпан айында кешкісін аспанда жұлдыз көп көрінесе, қыс өте ұзаққа созылуы ғажап емес. Қырау түспестен күн желді болса, онда боран соғатыны бар. Жұлдыз жарқыраса аяз тұрса, күңгірттенсе, күн қабағы жылымық күйге түседі. Ақпанда ауа-райы көп жағдайды ашық болса, көнекөз қариялар жаз қуаңшылықпен өтуі мүмкін деп жататынын талай мәрте естігеніміз бар еді. Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты болып, төрт түлікке қолайлы жағдай туып жатады. Ал қарлы уақыт көбірек кездессе, алдағы жаздың нәрлі болатыны айтылады. Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады. Ақпанның он бесінші жұлдызы – қыс пен көктемнің алғаш ұшырасатын күні. Бұл күнгі ауа-райының қандай болуы алдағы көктемнің «мінезін» ашып береді. Жазғытуры мезгілі солайша өрбиді деген әңгіме бар. Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болуы әбден мүмкін. Айдың аяғында мұзды қар түйіршікті сырғақ жүреді. Қатты боран соғады.